



9 наурыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi_kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты ханымдар!

Баршаңызды Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер әлемге жылулық пен жарасым сыйлап, жақын жандарыңызды махаббатқа бөлейсіздер. Аяулы аналарымыз өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, оларды еңбеккер, білімпаз болуға тәрбиелейді.

Бүгінде әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор.

Қыз-келіншектер өндірісте, шығармашылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді.

Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді.

Аналарымыз бен аруларымыздың алансыз өмірі – ұлтымның жарқын болашағының кепілі.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-берекке тілеймін!

Әрдайым көктем күніндей жадырап жүріңіздер!



ҚҰРМЕТ

БӘРІ ДЕ АНА, ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ



Суретті түсірген Б.ЕСКАНОВ

Жер-ананың оянып, тіршіліктің жалғасатын мезгілінде әйелдер мерекесінің де қабат келуі заңдылық секілді. Өйткені, көктем де, ардақты ана да – тіршіліктің бастауы. Сұлулық пен бейбітшіліктің символына айналған әйелдер мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев түрлі салада еңбек етіп, қоғам дамуына қызмет еткен нәзік жандармен кездесті. «Ана – өмір шуағы» атты шараға көпбалалы, алтын құрсақты аналар мен еңбек адамдары да шақырылды.

Мерекелік кездесуде аймақ басшысы әйел-аналарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, өңірдің өркендеуіне аянбай үлес қосып жүрген ниетпен жиналуды, іскер әйел-аналар, қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мәнге ие екенін жеткізді.

– Бүгін қоғамның барлық сатысында ерлермен иық тірестіре

еңбек етіп жүрген, ұлттың ұйысуы мен бірліктің нығаюына атсалысқан нәзік жандарға, аяулы аналарға шынайы алғыссыздықты білдірсек деген ниетпен жиналуды, іскер әйел-аналар, қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мәнге ие екенін жеткізді.

Бүгін қоғамның барлық сатысында ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүрген, ұлттың ұйысуы мен бірліктің нығаюына атсалысқан нәзік жандарға, аяулы аналарға шынайы алғыссыздықты білдірсек деген ниетпен жиналуды, іскер әйел-аналар, қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мәнге ие екенін жеткізді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

2-бет

КАНДИДАТТАР ТАСБӨГЕТ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Сырдария өзеніне салынған су тоспасынан басталған кент тарихы тұрғындары үшін айтулы. Өңірдегі әлі күнге дейін айтылады. Қызылорданың қос газсырмен сабақтас келген Тасбөгет кенті – біртұрақ азаматтар шыққан, талай тұлғалар тұғырына айналған киелі мекен.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына сай Сыр өңірінде 2027 жылға дейін жалпы аумағы 3,5 миллион шаршы метр болатын 27 мыңға жуық тұрғын үй бой көтермек. Мұнан бөлек, 300 төсекті көпбейінді аурухана, 26 білім беру нысанының іргесі қаланып, тұрғындардың игілігіне пайдалануға берілмек. Бұл – құрылыс саласындағы басты басымдықтардың бір парасы ғана. Дәл осындай жанаңшылықты «AMANAT» партиясының Қызылорда облыстық мәслихат депутатына үміткерлер Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде тұрғындармен кездесуде сөз етті.

Жиында облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Жорабек Нұрымбетов партияның бас шаһарда алдағы бес жылда жүзеге асыратын бастамаларын тізбектеп шықты. Оның айтуынша, «AMANAT» партиясы жыл сайын 17 білім беру ұйымының ғимараты күрделі жөнделуен өткізбек. Мектеп жасына дейінгі балалар 100% балабақшамен қамтылмақ. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 2,8 мың маманға тұрғын үй сатып алуға бюджеттен қаражат қарастырмақ.

«Туған еліміздің данқын асыру, оның өткенін ұлықтау – біз үшін парыз. Бүгінде екі ғасыр толып отырған қаламызға қарасты ауылдық округтер де кен қанат жайып келеді. Сондай елді мекеннің бірі – Тасбөгет кенті. Кент – қазіргі уақытта қалаға

қарасты елді мекендер арасында ең ірісі, ең әсемі. Әрі қалаға қарап қарыштап дамып келе жатқан құтты қоныс. 30 мыңнан астам халық бар кенттің көлемі жыл өткен сайын шығысқа қарай ұлғайып келеді. Бұл аумақта жана көшелер қалыптасып, тұрғындар табиғи газбен қамтамасыз етілді. Осыдан 70 жыл бұрын жұмысшылар қонысы болған шағын елді мекен қазіргі күні қаламыздың іргелі, көрікті жерлерінің біріне айналды. Тасбөгет кентіндегі түйткілді мәселенің бірі – тұрғын үй мәселесі екені көптен айтылып келеді. Облыста 1,2 мың көпқабатты тұрғын үйдің 583-і немесе 45%-ы жөнделуді қажет етеді. 35,6 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр, оның ішінде 76,9% немесе 27,4 мың адам облыс орталығында. Тұрғын үй салу көлемін ұлғайту арқылы халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға жұмыс жүргізілетін болады», – деді Жорабек Нұрымбетов.

Артынаша сөз алған үміткер Максұт Нәлібаев өңірдегі партия ықпалымен жүзеге асатын өзге де басымдықтарға тоқталды.

«AMANAT» партиясының негізгі жоспары – халықтың жайы мен мемлекет мүддесі. Партиямыз өңірдің әлеуетін көтеруге бар күш-жігерін жұмсайды. Ауыл шаруашылығы саласында 8 ірі инвестициялық жобаны іске асыруды көздеп отыр. Мұнан бөлек, өңірдегі 60-тан астам елді мекен «көгілдір отынға» қол жеткізбек. 59,8 шақырым жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары қайта жаңғыртудан өтеді. Мұның барлығы – құр сөз, құрғақ үзе емес, халықтың аманаты», – деді үміткер Максұт Нәлібаев.

Білім берудің, денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен сапасы, рухани даму, спортпен шұғылдануға жағдай жасау мәселелерін шешу

үшін «AMANAT» партиясы кадрлар тапшылығы мен мамандарды даярлау сапасы, балабақшалардың, мектептердің, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының, спорттық және мәдени объектілердің қолжетімділігін, оларды заманауи жабықтармен жаратқандыру мәселелерін шешетін болады.

Бүгінгі күні облыс бойынша 5 апатты және 6 үш ауысымды оқу қауіпі бар мектептер жұмыс жасайды. Балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу 100% қамту, білім беру ұйымдарында оқушылар үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасау жұмысы қолға алынбақ. Осы және өзге де тақырыптар төңірегінде кент тұрғындарына толыққанды түсіндірмелер айтылды.

Кездесуде кандидат Бақдәулет Макашов ауыл шаруашылығы, мал жайылымдық жерлер мен халық тұрмысына қажетті жағдайлар турасында пікірін білдірді.

«Өңірде күріш, көкөніс, бақша дақылдарын өсіруге қолайлы жағдай бар. Сондай-ақ жайылымдық жерлерді жыл бойы мал азығына пайдалану мал шаруашылығын дамытуға септігін тигізеді. Сонымен бірге, облыс аумағындағы 104 көл мен Кіші Арал теңізі балық шаруашылығын дамытуға да мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы саласында 8 ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға қолайлы жағдай жасап, аймағымызда құс фабрикасының, қызанақ пастасын өндіретін зауыттың, түйе сүтін өңдеу зауытының, күріш өңдеу және құрама жем зауыттарының салуына ықпал етеміз. «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында заңсыз берілген немесе пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтаруды және 345 мың гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жұмыстарын үйлестіретін боламыз. Су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы пайдаланылатын жердің көлемін 800 гектарға ұлғайтуға ықпал етеміз. Ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан берілетін көмек пен жеңілдіктердің көлемін ұлғайтылуын қалағалаймыз, оның ішінде: техника сатып алуға субсидиялау көлемінің өсуін 35%-ға, сапалы тұқымды сатып алуға субсидиялау көлемінің өсуі мен сүт және ет бағытындағы шаруашылықтарға қолдау көрсетеміз», – деді Бақдәулет Макашов.

Спикерлер партияның сайлауалды бағдарламасын тұрғындарға жан-жақты түсіндіру барысында оларды толғандырып сауалдарға түшымды жауап беріп, жиылған жұртшылықты «AMANAT» партиясына дауыс беруіне шақырды.

Қызылорда облыстық мәслихаттың депутаттарының сайлауалды бағдарламасын тұрғындармен таныстыру кездесуінің бір сәтін.

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ДӘУРЕНБЕКОВ НҰРБЕК САҒАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Баршаға лайықты өмір! Бар жақсылық елге болсын!

Еліміз Тәуелсіздік алғалы 30 жылдан асса да билік халықты сылдыр сөзімен, жарқын болашаққа қатысты бітпейтін үәделеріне толы әдемі саяси бағдарлармен тойдырып келеді. Нәтижесінде олигархия мен жемқорлық тамырланып, бай мен кедей арасы алшақтап кетті. Азық-түлік инфляциясы ұшынып, халық бар тапқанын тамағына жұмсайтын халге жетті. Ал әлеуметтік мәселелер елді етегіне сүріндірді.

Үмітін үзбеген елдің ертенін ойлау үшін ендігі халықтың өзіннен шыққан үміткерлерге дауыс беріміз қалды. Ол үшін жана тұлғаларды, таза адамдарды, жүрегінде иманы, обал мен сауатын ойлайтын, халықтың берекесі мен бірлігін арттыратын өз кандидатыңызды сайлау үшін тандау жасау Сіздің қолда, ағайын!

Мен, Дәуренбеков Нұрбек, қазақ-тың қарапайым баласымын. Өздеріңізбен бірге бар сынақты да, ауыртыпалықты да көтеріп келе жатырмын. Қарапайым ғана көпбалалы отбасынан шығып, қара жұмыспен жетіліп, халықтың мұра-мұқтажын қалам ұшпамен жеткізіп, нанымды алашын жеп жүрген журналистмін. Аспандамаған, аласармаған, әке-көке жағаламаған басым бар. Көптен бірге заманның ашысы мен сынағын сабырмен көтеріп келемін.

Обал-сауатты ойлайтын жүрегім бар. Себебі түйсігіммен, салдары шешіммен күрес алатын дәрменім бар. Бұқараның несібесімен бірге жаралып, өмірімнен бірге өрліп жатқан, қазақ атты ұлы халықтың болашағына бағдарлы елі бай болсын деген ниетімді халыққа қолдарымен үмітім бар. Осы елдің дамуына, халықтың әл-ауқат деңгейін арттыруға, «терінін бір нұшағын» болса да Өздеріңізбен бірге ілесем, сонан өзі мен үшін үлкен міндет, байырқалы бақыт болар еді!

Бағдарламаның басы, қоғамды іштен ірітіп жатқан жемқорлықты жоюға бағытталды. Ол үшін халықтық-парламенттік бақылау жасақтауды, негізсіз баюға қарсы қылмыстық бапты енгізу – жемқорлармен нәтижелі күрестің қаруы болмақ. Бұдан бөлек орталық және жергілікті атқару органдарындағы барлық деңгейдегі депутаттар мен шенеуніктердің кіріс-шығысы туралы міндетті жария декларациясын енгізу ашықтық қағидалына негіз болды.

Бюджет процедураларын жетілдіріп, әр елді мекенде өзіне тиесілі ашық бюджет жасақталды, онлайн түрінде мемлекет ақшасының қалай және қайда жұмсалып жатқандығын көрсету – бүгінгі демократияның қағидалы.

Елде санаулылардың пайдаға келіп, миллиондаған адамның келді күн кешуі – нағыз қоғамдық жұт. Бұл үшін зерттеу-тексеру жүргізіп, ұрланған, офшорлық жасырылғанын бәрін елге қайтаруға міндеттіміз. Жо-бамен есептегеніңіз өзіне Ұлттық қорымыздың үшеуіне тең келетін қор шетелде жатқаны мәлім. Бұл – еліміздің ұрланған байлығы, азаматтарымызды аяққа тұрғызар, елдің әлеуетін көтерер орасан қаражат.

Елді мекендердегі халық санына



қарай бюджет қаражатын бөлу. Бұл тәсіл аймақтық саясаттағы теңгерімсіздікті жоюды қаржыға қол жеткізу барлығына бірдей әділ болуы керек.

Нәсіе беруде, ипотека бойынша – 10%, кепілді несиелер бойынша 10% шегінде шекті базалық мөлшерлемені белгілеу.

Ұлттық, зейнетақы және басқа да қорлардың қаражатын жұмсау мен пайдалануға қоғамдық бақылау орнату қажет.

Энергетика объектілерін, ТКШ және коммуналдық инфрақұрылымды көсірінуінің 100% ұлттық атандырып, мемлекеттік меншігіне қайтару – басты міндет.

Шағын және орта бизнесті дамыту және жана жұмыс орындарын құру үшін өңірдің мықты және әлсіз тұсын анықтап, талдау жасау арқылы әрекет жүргізу тиімділігін көрсетеді.

Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік саясаты айтарлықтай деграляцияға ұшырады. Халықтың өмір сүру ұзақтығы қысқарып, өлім-жітім, аурушандық көбейді. Сондықтан медицина және білім беру саласына жылына ЖІӨ-нің ең кемі 5-7%-ы бөлінуі керек. Мұндай шара инфрақұрылымдарды кезек-кезеңмен жанартып отыруға, дәрігерлер мен мұғалімдер еңбекақысының банк қызметкерлері деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік береді. Өйткені бұл мамандар біздің экономикамыздағы адами капиталдың сапасына жауап береді.

Біз тұрғын үй бағдарламаларын толықтай қайта қарастырамыз. Қазіргі кезде бағдарламалар құрылыс салушылардың мүддесіне әрі қалтасына жұмыс етсеуде. Бұл жағдай баспана бағасының қымбаттауына соқтырып жатыр. Қолжетімді ипотекаларды субсидиялау жалғастырылады, бірақ шарты өзгереді.

Бес жыл ішінде ең төменгі жалақыны еуропалық стандарттарға дейін кезек-кезеңмен арттыруды, зейнетақы мен жәрдемақылардың (балалар жәрдем-

ақысы, мүгеделікті, жұмыссыздық және т.б.) айтарлықтай өсіруін талап ету керек.

Жұмыссыздарды жұмыспен қамту үшін және жастарды жұмысқа орналастырудың жана мемлекеттік бағдарламасын құру, әйелдердің зейнетке шығу жасының 55, еркектердің жасын 60 жасқа дейін төмендету, балалары бар әйелдер үшін жұмыс күнін 1 сағатқа қысқартуды бекіту қажет.

Инфляция, бағаның қымбаттауы, баспана мәселесі, занның орындалмауы – барлық салаға радикалды реформа керек. Жергілікті проблеманы тездетіп оналдыруға мүдделі мәслихаттарды, ел өмірін жақсартатын заңдар базасын жасауға қауқары бар Мәжілісті жасақтау Сіз бен Біздің қолымыз.

Жас отбасыларына төмен пайызбен ипотекалық баспана беріп, екі балалы болған соң несиесін кешіріп, пәтерін толықтай жекеңденіріп өзіне беру. Ал бала босанған соң бір реттік жәрдемақы 500 АЕК-ке (1 MPP – 3450 теңге), яғни 1 725 000 теңгеге көтеруді ұсынамын. Оған біздің мемлекеттің қауқары молынан жетеді. Осылайша демографиялық ахуалымызды көтереміз, халық саны өседі.

Экологиялық ахуалды аймақта тұрғанын кейін, жалақы, зейнетақы, әлеуметтік төлемдерді өзге аймақтардан әрі есе етіп төлеуді ұсыну. Сырдария, Арал мәселесін ұдайы Үкімет назарына ұсыну.

Жылдан жылға өңірде су тапшылығы сезіледі. Сондықтан бұл мәселенің сауатты шешу жолдарын қарастыру қажет. Сыр еліне өсірілген өнімдерді сақтайтын қойма салу – азық-түлік бағасын қалыпты ұстап тұрудың бірден-бір тиімді жолы.

Ерт, сүт өнімдерін өндіру, оны ұзақ мерзімде сақтау технологиясы және ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау бағытындағы жұмыстарды жандандыру – диқан еңбегін бағалаудың үлкен көрсеткіші.

Ауыл – қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі. Бұл бағытта ауыл дамуының негізгі тетіктерін, оның ішінде әлеуметтік және экономикалық даму – жолдар, су, газ, электрмен жабдықтау, ауылдарды инфрақұрылымдарды жоғары жылдамдығы индустриялық қол жеткізу, мектептер, балабақшалар, емдеу, мәдени және спорт мекемелері, көпбалалы және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мәселелерін депутаттық басты жұмысы болу керек.

Денсаулық – біртүпайлық. Ұлттың дені сау болса, салымшыл мемлекет болады. Сол үшін әрбір елді мекенде заманауи амбулатория, оны материалдық-техникалық жабықталуын қамтамасыз ету маңызды. Ауыл тұрғындарының алғашқы диагностика мен скринингтен өтуіне жағдай жасау, мобильді дәрігерлер тәжірибесін енгізіп, қашықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді және Ұлттық телемедициналық жиуіні дамыту күн тәртібіне қою қажет.

Лайықты өмір үшін, елге болсын деген ниетпен, халыққа алашын қызмет етуді мақсат тұтқан мен, Дәуренбеков Нұрбек Сағатұлы, саяси долаға Сіздердің қолдауларыңызбен ат қостым.

Елдің берекесі мен ырысы тасып, өзіне қайта нәсіп болсын! Сіздерге мың Алғыс!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ БАРШАҒА ОРТАҚ

Қызылорда облысы бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен толық қамтылған өңірлер қатарында. Бұл туралы сөйсенбіде Үкімет отырысында айтылды. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік және оқу процесін цифрландыру мәселелері қаралды.

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев республикадағы орта мектептерде бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар туралы баяндап, бастауыш сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру мәселесіне тоқталды.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы бастауыш мектеп оқушыларын 100% тегін ыстық тамақпен қамтуды тапсырған. Қазіргі таңда бірқатар аймақта, оның ішінде Қызылорда облысында бұл тапсырма толығымен орындалды.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев

ҚР Премьер-министрі берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізіп, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету білім беру саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті.

— Біздің міндетіміз — Үкімет отырысында берілген тапсырмаларды қатаң бақылауға алып, мерзімінде сапалы орындау. Бұл бағыттағы жұмыстарға тек облыстық білім басқармасы ғана емес, барлық қала, аудан әкімдіктері, құқық қорғау органдары жұмылдырылуы тиіс. Облыстық білім басқармасына полиция департаменті, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен

бірлесіп, облыстағы барлық білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін күшейтуді, инженерлік-техникалық базасын, қауіпсіздік құралдарын қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіруді тапсырамын, — деді аймақ басшысы.

Оқу орындарын цифрландыруда қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелер санын арттыру маңызды. Жиында «Білімді ұлт» ұлттық жобасындағы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін цифрлық білім беру зертханасы, 3D модельдеу, робототехника үйірмелері жұмысын жетілдіріп, сапасын арттыру бойынша ұсыныс беру тапсырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе — гендерлік теңдікті сақтау, әйелдерді жұмыспен қамту және олардың денсаулығын сақтау. Бұл мәселелер бойынша қала және аудан әкімдеріне 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік

саясат тұжырымдамасында айтылған көрсеткіштерді бақылауға алу жүктелді. Ол үшін атқарушы органдарда, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда әйелдердің үлесін арттыру міндеттелді.

Облыстық полиция департаментіне әйелдерге тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу шараларын күшейту, ал облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына әйелдер арасындағы жұмыссыздықты азайту, «Кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы» аясында тұрақты жұмысқа орналастыру тапсырылды.

Айта кетейік, бүгінгі күні өңірдегі халық саны 834 мың болса, әйелдердің саны 415 мыңнан асады, 48 мыңнан астам көпбалалы аналардың 17 мыңға жуығы — «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері.

2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЫС БЕРУДІҢ УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-, 33-, 38-баптарына сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 жылғы 19 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс берудің уақыты туралы Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының хабарлары осы қаулының қосымшасына сәйкес облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде жариялансын және облыстық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында орналастырылсын.

2. Осы қаулы «Сыр медиа» жауапкершілік шектеулі серіктестігіне және хабарларды баспасөз бетінде жариялау ақшын республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен төленуін қамтамасыз ету үшін Қызылорда облысы әкімі аппаратының бухгалтерлік есеп және есептік бөліміне жолданын.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының хатшысы

Ә.ЕРСҰЛТАНОВ А.СЫРЛЫБАЕВА

Қызылорда қаласы, 2023 жылғы 6 наурыз, №ОСК-486

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауында дауыс беру, дауыс берудің өзге уақыты белгіленбеген сайлау учаскелерінде жергілікті уақыт бойынша 07.00-ден 20.00 сағатқа дейін өткізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 3-тармағына сәйкес аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен дауыс беруді бастауды жергілікті сағат 6.00-ге белгіленген сайлау учаскелерінің тізбесі:

Table with 3 columns: № р/с, Сайлау учаскесінің нөмірі, Сайлау учаскесінің орналасқан жері. Lists 11 polling stations across the region.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 3-тармағына сәйкес аумақтық сайлау комиссияларының шешімімен егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс берсе, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін деп бекітілген сайлау учаскелерінің тізбесі:

Table with 3 columns: № р/с, Сайлау учаскесінің нөмірі, Сайлау учаскесінің орналасқан жері. Lists 29 polling stations across the region.

КӨКТЕМ ШУАҒЫНДАҒЫ ШАПАҒАТТЫ ШАҚ

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған салтанатты шара өтті.



Актілік БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев төрден орын алған сырбойлық тыл еңбеккерлерін, көпбалалы аналар мен түрлі салада еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерді құттықтады.

— Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Батыр да, ақын да, алып та анандан туады. Бүгінгі жылы сөздер де, құрмет те тек қана сіздерге арналады. Барша ақжаулықты аналарымыз бен қыз-келіншектердің отбасына амандық, жұмыстарына береке тілеймін.

Өткен жылғы «Анаға тағзым» орталығының құрылысы басталды. Биыл мамыр айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Орталықта аналарға бағытталған оқулар ұйымдастырылады, психологиялық көмек көрсетіліп, балаларға арналған үйірмелер жұмыс істейді. Отбасы мен аналардың жағдайын жақсартуды көздейтін шаралар атқарылады. Сонымен қатар, өңірімізде Неке сарайының, Өнер орталығының, Қан орталығының да құрылысы жүріп жатыр.

Жыл ішінде 19 жаңа балабақша ашылды. Былтыр «Балалар жылы» аясында демеушілер есебінен қала және аудандарда 1,6 млрд теңгеге 80 спорт-ойын

алаңы салынды. Қызылорда қаласында көпбалалы және аз қамтылған 100 отбасыға пәтер кілті табысталды. Сол жағалаудан Оқушылар сарайын салуды қолға алдық. Бұл — жасалып жатқан жұмыстарымыздың тек бір бөлігі ғана. Осының барлығы облыс халқының тұрмыс сапасын жақсартуға және қолайлы өмір сүруіне оң әсер етеді, — деді аймақ басшысы.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Жергілікті эстрада жұлдыздары әсем ән шығарды, мың бұралған бишілердің өнері де көктем мерекесінің ажарын аша түсті. «Бала бақыты» би композициясын орындаған бүлдіршіндер залдағы аналарға құттықтау хаттарын табыстады.

БӘРІ ДЕ АНА, ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

Барша қазақтың ортақ мақтанышы, сұлулық пен ерліктің символына айналған Тұмар ханым, Ақжүніс, Қыз Жібектің, ел басына іс түскен қиын кезеңдерде басын оққа байлаған Әлия, Мәншүк, Хиуаз ұлт батырларының есімдері тарих парағына алтын әріптермен жазылып қалды. Несібесін жерден теріп, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен жерлестеріміз Сәліма Жұмабекова, Шырыңкүл Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева, Жадыра Таспамбетова секілді апарларымыз бен ұлт руханиятын, мәдениетін, өнерін асқақтатқан Роза Бағланова, Сәбира Майқанова, Мадина Ералиева сынды майталман тұлғаларымыздың Сырдың шежірелі тарихындағы орны ерекше. Аймақтың дамуына ерекше атсалысқан жандарды, оның ішінде әйел-аналарымызды қалай құрметтесек те жарасалды, — деді облыс әкімі.

Статистикаға көз салсақ, қазіргі таңда өңіріміздегі халық саны 834 мың болса, оның ішінде әйелдер саны 415 мың. Бүгінде өңірімізде 141 мыңнан аса отбасы бар. Оның ішінде 48 мыңнан астамы көпбалалы аналар болса, 17 мыңға жуығы — «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әйелдердің қоғамдағы рөлін кеңейте түсу — мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі», — деген болатын. Облыс бойынша мемлекеттік қызметшілердің 37,4, медицина қызметкерлерінің 87, педагогтардың 78,3 пайызы — әйелдер. Бюджеттік салада 62 пайыз қыз-келіншектер қызмет етеді.

Облыс әкімі аймақта отбасы және аналар мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетінін айтты. Өткен жылы Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығының құрылысы басталып, биыл мамыр айында пайдалануға берілетін. Орталықта жас ерекшеліктеріне қарай түрлі үйірмелерде қыз балаға бүлдіршін кезінен бастап ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, одан әрі сапалы ана болуына дайындайды. Жас аналарға арналған арнайы оқулар, психологиялық кабинеттер, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған іс-шаралар да осында өткізіледі.

Өмірлік құндылықтың темірқазығы — махаббат, жанашырлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер ең әуелі ананың сүтімен, оның берген тәлім-тәрбиесімен беріледі. Әйелсіз тіршілік те тоқтайды. Дүниеге ұрпақ әкелу миссиясы — әйелдерге ғана берілген құдіреттің сыйы. Кездесуде «Алтын алқа» иегері, тыл ардагері, 10 бала тәрбиелеп, 28 немере, 26 шөберені қызығын көріп отырған Раш Искакова сөз алып, сонау қиын-қыстау кезінде де баланы өмірге әкеліп, қоғамның дамуына да үлес қосқанын айтты.

— Ана бір қолыммен бесікті, екінші қолыммен әлемді тербетеді. Біз бір ғана отбасының тіршілігімен жүрмедік. Елдің өркендеуіне, дамуына үлес қостық. Тылда тер төттік. Қиындықтан қашпай, қандай жұмыс болса да білек сыбана кірісіп кететінбіз. Қазір сол еңбектің нанын жеп отырмыз. Алланың берген перзенттерінің барлығы өз отанының тұтқанын ұстап, берекелі өмір сүруде, — деді Батыр ана.

Мұнан кейін Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Парасат», «Құрмет» орденінің иегері Алмағұл Божанова сөз алып, ардақты аналарды мерекелерімен құттықтады. — Сіздер әрқашан иба мен ізеттің, парасат пен пайымның, мейірім мен ізгіліктің бастауы болып келесіздер. Бүгінгі күні билік пен мемлекеттік қызметте, республикалық деңгейдегі басқарушы органдарда әйелдер үлесінің артуы — сіздердің қарымды қабылдеріңіз бен іскерліктеріңіздің дәлелі. Еңбектен бақытың тапқан Сәліма Жұмабекова, Ұлбала Алтайбаева ерлігімен таңғалдырды. Өнегелі өмір жолымен кейінгі ұрпаққа үлгі болып келетін батыр аналардың ізін жалғаған сіздердің жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін, — деді.

Шара барысында «Серпер» жастар сыйлығының иегері Қарлығаш Айтжанова сөз алып, Ана туралы монолог оқыды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Алтын алқа» иегерлері атанған аналар марапатталды. Олардың алды 38-де болса, ең жас ана 31-де. Облыс әкімінің қолынан «Алтын алқа» алған Динара Досова ұрпаққа тәрбие беру арқылы еліміздің болашағын қалыптастыруға үлес қосып келетінін жеткізді.

Advertisement for the 19th March 2023 elections in the Syr Darya region. It features a portrait of a man and text promoting the 'Шахаров Бағдат' candidate for the 9th district.

Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына №8 сайлау округі бойынша кандидат Жұмбаев Дәулет Егембергенұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен, Жұмбаев Дәулет Егембергенұлы 1962 жылы 19 қарашада Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақмая ауылында дүниеге келдім.
1970 жылы № 49 Ақмая орта мектебін 1-ші сыныбына қабылданып, осы мектепті 1980 жылы аяқтадым.
1981-1983 жылдар аралығында әскер қатарында болдым.
Білім: 1993-1996 жылдар аралығында Қызылорда ауылшаруашылық техникумын аграрном мамандығы бойынша бітірдім. 2018 жылы Шымкент қаласындағы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша бітірдім.
Еңбек жолымды «Авангард» совхозының жастар бригадасында механизатор болып бастадым;
1999-2003 жылдар аралығында осы аталған шаруашылықта автогараж менгерушісі;
2004-2010 жылдар аралығында жеке кәсіпкер;
2010-2015 жылдар аралығында «Нұрсұлтан» шаруа қожалығының төрағасы болдым;
2015 жылдың 21 ақпанынан бастап «Ақмая» шаруа қожалығының төрағасы қызметін атқарып келемін.
2016 жылы «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен, 2021 жылы «Қазақстан Конституциясына 30 жыл» мерекелік медалімен, 2015 жылы ауылшаруашылық жәрмеңкесіне белсене араласқаны үшін Шиелі ауданының «Алғыс» хатымен, 2015 жылы «Нартай Бекжановтың туылғанына 125 жыл» мерекелік медалімен, 2015 жылы Қызылорда облысының «Озат етін шаруашылығы» ІІІ орын дипломымен, 2016 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Құрмет» грамотасымен, 2017 жылы «Озат етін шаруашылығы» номинациясымен, 2018 жылы «Жомарт жүрек» республикалық конкурсында «Жыл мененатай» номинациясымен, 2018 жылы «Үздік шаруашылық» I дәрежелі дипломымен, 2019 жылы «Қазақстан мәслихаттарына 25 жыл» медалімен, 2020 жылы I дәрежелі «Еңбек даны» төсбелгісімен, 2020 жылы «Үздік депутат» төсбелгісімен, 2021 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Алтын адам» төсбелгісімен, осы жылы ҚР Президенті Жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен, 2021 жылы «Алтын қыран» төсбелгісімен марапатталдым.
Ауданның әлеуметтік дамуына тәуелсіз еліміздің дамуына атсалысып, ауданымыздың абайыр-беделін арттыруға үлес қосып келемін.
VI және VII шақырылған Шиелі аудандық мәслихатының депутаты болдым.
Отбасылымын 2 қыз, 2 ұл және немерелер тәрбиелеп отырмын.

ҚҰРМЕТТІ АҒАЙЫН, ҚЫМБАТТЫ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

№8 «Шиелі» сайлау округіне «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының атынан облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылып, тіркелдім.
Сіздерді өрқашан тыңдауға дайынмын және ұсыныс-пікірлеріңізді ескеріп, тиісті жұмыстарды жасаймын. Сіздер маған үміт артып, сенім білдірсеңіздер, өзімнің туған өлкемді дамытуға күш-жігер беріп, одан әрі жақсартуға жұмыс жасайтын боламын. Жалпы Шиелі ауданында ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор. Алайда агроөнеркәсіп кешіні саласында қордаланған мәселелер де аз емес. Бұл бағытта сонғы үлгідегі жаңа технологияларды қолдана отырып кәсіпкерлік саласы мен ауыл шаруашылығын көтеругізді қажет деп есептеймін.
Сондай-ақ өзімнің ойлаған мақсаттарымды жүзеге асырып, жүйелі жұмыс жасау үшін сіздерге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.
- Газдандыру жобасына байланысты 2024-2025 жылдары Сұлутөбе, Тартоғай, Майлытоғай, Ақтоған, Телікөл, Ортақшыл, Жөлек, Бойтегұм Талаптан, Жаназар батыр, I Мамыр елді мекендерін партияның «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы, «Жол картасы» бағдарламасы, Мемлекеттік бағдарламалар жобасы арқылы республикалық немесе облыстық бюджет қаражаттары есебінен «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыруға;
- Мемлекет белсенді түрде әрбір отбасына тұрғын үй қолжетімді болуын қолдайды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып 2023 жылы Шиелі кентіндегі 18 пәтерлік 4 тұрғын үйдің (1,1 мың ш. м.) құрылысын аяқтауға және осы жылы Шиелі кентіндегі 20 тұрғын үйді пайдалануға беруге;
- Сайлау округіне қарасты барлық ауылдық округ тұрғындарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін, қажетіне қарай елді мекендерге трансформаторлар орнатуға ықпал жасау;
- Партия аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын жан-жақты арттыруды қолдайды. Осы бағытта «Ауыл – ел бесігі» және «Ауыл аманаты» партиялық

жобаларын іске асыру жалғастырылады. Нәтижесінде аудан тұрғындары таза ауыз-суға, сапалы жолдарға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарына қол жеткізеді. Бұл бағытта сайлау округіне қарасты барлық ауылдық округтерге жауапкершілік жолдары, көше жарықшамдары, жолдарды жөндеу жұмыстарына басымдық беретін боламын;
- Медициналық қызмет көрсету сапасы мен қолжетімділікті арттыру, азаматтардың денсаулығын сақтау басты міндеттердің бірі болып табылады, сондықтан дәрігерлік амбулатория құрылысын қажет ететін елді мекендерге тиісті жұмыстарды жасауға;
- Сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Дюбөл би елді мекеніндегі №155 орта мектепке 50 орындық қосымша құрылыс жүргізуге, Шиелі кентіндегі №48 Ә.Қонаратбаев атындағы мектеп-лицейіне қосымша құрылыс ғимаратын жүргізуге және 2025 жылға қарай Шиелі кентінің 900 орындық жайлы мектеп салу жұмыстарын жүргізуге ықпал жасау;
- Шиелі ауданы аумағынан өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 220 шақырымды құрайды. Өзен бойында бірде-бір көпір салынбаған. 3 қалқымалы көпір және бір қалқымалы өткел бар. Оларда өткізілетін техникалардың, жүктердің салмағына шектеу қойылған. Қарғалы елді мекені тұрғындары Сырдария өзенінің үстінен өтетін көпір салу үшін, техника-экономикалық негіздеме әзірлеп, көпір салынатын орынның жерін белгілеу қажет екенін ескере отырып тиісті жұмыстарды жүргізуге;
- Халықты бұқаралық спортпен айналысуға бағыттау мақсатында сайлау округіне қарасты елді мекендердегі жасөспірімдер мен балалар спорт мектептерін салуға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмыстар жүргізуге;
- Аудан тұрғындарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін электрмен жабдықтау желілері мәселелерін партиямен бірге шешетін боламыз. Бұл үшін 2024-2025 жылдары Шиелі кенті, Ә.Төжібаев, Алматы, Жанатұрмыс елді мекендерінің электрмен жабдықтау желілерін реконструкциялауға ықпал ететін боламын.
- Шиелі ауданында К-3, К-4 қашыр-

қаларын су жүру арнасы көміліп таяздауына байланысты, терендетіп қазып қалына келтіру. Аталған қашырқаларды қазу жұмыстарына ЖСК әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарына ықпал етуге;
- Қазіргі таңда Шиелі ауданында 39 ауылдық елді мекеннің 34 ауылы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, халық санымен алғанда 99 пайызды құрайды. Бұл үшін Шиелі ауданы бойынша 5 елді мекенді (Қосүйенкі, Қызылқайың, Ақтам, Жуантөбе, Лесхоз) ауызсумен қамту үшін тиісті жұмыстарды жүргізуге ықпал жасау; Нәтижесінде, 2027 жылы аудан тұрғындары сапалы ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі.
- Жоғарыда аталғандай Шиелі-Қызылорда облысының экономикасы өнеркәсіпке және ауыл шаруашылығына бейімделген аудан. Алайда проблемалық мәселелер де жоқ емес. Мәселен, ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының қазіргі, заманауи техникамен және технологиямен нашар жарақтандырылуы. Ег және сүт бағытындағы асылтұқымды ірі қара мал шаруашылықтарының болмауы. Аграрлық секторда ұсақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің басым болуы. Суармалы жерлердің су жүйелерінің қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі.
Осы жағдайды ескере отырып, 2027 жылға қарай Шиелі ауданы ауылшаруашылық саласындағы өнімдерін негізгі жеткізушілердің бірі ету міндетін алға қоя отырып, бұл менің осы ауданның азаматы ретінде Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына халықтың мүддесіне және халыққа қызмет етуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын.
Құрметті сайлаушылар!
Бір-бірімізді сеніммен қолдағанда ғана, жалпы жоспарларымыз бен идеяларымыз толық жүзеге асыра аламыз. Мен үшін өз халқыма адал қызмет етуден асқан бақыт жоқ. Сондықтан барысыңызды бір бірімізді ауданымыздың болашағы үшін маған дауыс беруге шақырамын. Ауданымыздың дамуына бірге күш салайық!
Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

МҰСАЕВ ҚАНАТ БАРЛЫБАЙҰЛЫ №8 «Шиелі» сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына кандидат



ӨМІРБАЯНЫ
Мен Мұсаев Қанат Барлыбайұлы 1973 жылы 26 қарашада Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ш.Қодаманов ауылында дүниеге келдім.
1981 жылы №158 казак орта мектебін 1-ші сыныбына қабылданып, осы мектепті 1991 жылы аяқтадым.
1992-1997 жылдар аралығында Батыс Қазақстан аграрлық университетін «Зоотехник» мамандығы бойынша білім алдым.
1998-2004 жылдар аралығында жеке кәсіпкер;
2004-2006 жылдар аралығында «Тараз» институтында «Есеп және аудит» мамандығы бойынша жоғары білім алдым;
2004-2009 жылдар аралығында «Ынтымак ГТ» ЖШС-да есепші болып қызмет атқардым;
2009-2013 жылдар аралығында «Шиелі-Авангард» ЖШС-да бас есепші болдым;
2013-2022 жылдар аралығында «Ақмая» ШҚ-да бас есепші қызметін атқардым;
Қазіргі таңда жеке кәсіпкермін.
Отбасылымын 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп отырмын.

Қымбатты жерлестер! Құрметті сайлаушылар!

Өз елің, өз халқың өзіңді қадірлеп, құрметтесе, бұл – барлық мадақтан да артық. Ең бастысы, халықтың сенімін ақтау.
Өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсына отырып, бұл алда атқарылар ауқымды жұмыстардың бастамасы екенін айтқым келеді. Халық сенімін арқалаған азаматтың арқалар жүгі бұдан да салмақты, бұдан да жауапты болатынын мен жақсы түсінемін. Сіздер маған сенім білдірсеңіздер, мен сол сенім үлесінен шығуға бекіндім.
Президенттің Жолдауында айтылған ауылдық жердің экологиясын көтеру, ауылдық жерде тұратын халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған шаралардың іске асырылуына ықпал жасайтын боламын.
Ол үшін:
- Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына, шағын және орта бизнестің аймағымызда одан әрі дамуына, ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстарды жандандыруға нәтижелі жұмыстар жасауға күш саламын.
- Жолдардың сапасы мен инфрақұрылым жұмыстарын жақсартуға үлес қосып;
- Тәрбие, мәдениет пен рухани құндылықтарымызды түлетіп,

БАҒДАРЛАМАСЫ

ілгері дамуына ықпал ету;
- Көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту мақсатында мүмкіндігінше балабақша, мектептердің және медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;
- Білім, мәдениет және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлеріне жан-жақты қолдау жасалуына атсалысу;
- Облысты көркейтеу, көгалдандыру, санитарлық тазарту, көшелеріне жарық жүргізу және ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу мақсатында бюджеттен алынған жұмыстарға қаражат бөлірі;
- Облыс көлеміндегі жерлерде ауызсу нысандары құрылыстарына сапалы әрі тиісті дәрежеде жүргізілуіне ықпал ету;
- Мүмкіндігіне қарай жеке-меншік қожалықтарының нығаюына, олардың несие алу мәселелерін шешуге атсалысу;
- Облыс аумағындағы шикізат көздерін жер, су байлықтарын халықтың игілігіне жаратып, оны пайдаланудың шараларын ұйымдастыруда ұйытқы болу;
- «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» бойынша, ең алдымен, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог қалыптасуына және жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына күш салу, мәслихаттың жергілікті жердегі өзін-өзі басқарудың негізіне айналуына, оның беделінің арта түсуіне үлес

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ӘЛІМБЕТОВ ҒАНИ ҚҰРБАНБЕКҰЛЫ №8 «Шиелі» сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына кандидат



БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!
Мен киелі Шиелі жерінде туып өстім. Кіндік қаным тамған өлке тарихын да, халқымын басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдеріндегі барлық жағдайды жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, қызметтік салаға бел бұрғаннан бері осы өңірдің дамуына өз үлесімді қоссам деп келемін. Сан алуан жұмыстарға, әсіресе, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы жолында барынша көмек көрсетіп, қол ұшын созуға өрқашан дайын екенімді тағы бір айтып өткім келеді.
ҚР Президентінің биылғы 20 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін облыстық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері облыстық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді.
Біздің аймақта да шешімін таппай келе жатқан талай қордаланған мәселелер жетіп-арғылады. Сондықтан ең әуелі өзімнің мақсатым – менің Отаным, жаңа Қазақстанды құруға өз үлесімді қосып. Бірінші кезекте, еліміздің саяси тұрақтылығын,

ұлтаралық және дінаралық келісімнің нығаюын, әрбір қазақстандықтардың бір-бірін құрметтей білуін қамтамасыз етуде қызмет жасау. Өлкеміздің қай жерінде болмасын тұрғындар өздерін толғандырған сауалдары мен пікірлерін жоғары жаққа алдымен өздері сайлаған депутаттар арқылы жеткізіп жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.
Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үлесінен табылу кімкімге де сын болатынын жақсы сеземін.
Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Аудан, облыс көлемінде мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс жасайтын боламын:
- Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуде көмек көрсету;
- Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың атқаратын игі істері жолында жағдай жасау;
- Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында қолайлы амалдар мен жұмыс түрлерін қолдана отырып, халықтың әлсіз топтары соғыс және еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған көпба-

лалы отбасыларға, мүгедек жан-дарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау көрсетіп, қамқорлық таныту;
- Алыс ауылдарға сапалы ауызсу мен табиғи газ тартуға жұмыс жасау;
- Ауылдық жерлердің ауызсумен қамтамасыз етілу жолында және абақтандыру мен көркейтүү-қоғалдандыру жұмысы аясында тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдай отырып, жұмыс жасау;
- Ауыл тұрғындарының табиғи газ игілігін көруде жоспарлы жұмыс жасау;
- Қазақстан халқы Ассамблеясымен біріге отырып, қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайды болдырмау немесе алын алуға тұрақтылықты нығайтуға атсалысу;
- Өскеген ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге бағытталған тәрбиелік мақсаттағы жұмыстарға қолдау көрсету.
Құрметті отандастар!
Мен бұл сайлауға халқыма және Отаным адал қызмет ету үшін қатысып жатырмын.
Мен үшін оң өзгерістердің орын алатын уақыты келді деп есептеймін.
Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.



КӘСІП



Көрік көзіндегі құдірет



Ілгеріде ел арасында темірден түйін түйгендер аз болмаған. Ұлт ішіндегі ұсынақты ұсталардың дені өз ата-бабасының жолын жалғап келді. Қару-жарақ, ат әбзелдері, үй шаруасына қажетті ыдыс-аяқ, отырықшы халыққа қажетті егін егу құралдарын соғып, маңдай терінің ақысын кәсібінен айырыпты. Осының ішінде ең күрделісі – зергерлік өнер. Киелі де қасиетті саналатын бұл өнер ерекше талант пен шабытты қажет етеді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Жалпы бұрынғы шеберлер де, бүгінгі зергерлік өнерді игерген бұны да әшекей жасауда көбіне-көп күмісті пайдаланып келеді. Бағалы металл саналатын күміс шеберлердің жұмыс істеуіне өте қолайлы. Жылтыр түсінен бөлек, жұмсақ әрі таза күміс түрлі бұйым жасауға технологиялық жағынан икемді.

«Сунақ ата» жеке кәсіпкерлігін құрып, қолынан келетін іспен шұғылданып жүрген жанакорғандық жас жігітпен таныстық. Еркебулан күмістен зергерлік бұйымдар істейді. Бұл салада 8 жылдық тәжірибесі бар оның өнімдеріне сұраныс та жетерлік.

Негізінен бала күнінде қорғасын ерітіп, түрлі зат шығаруға, сондай-ақ пластилиннен түрлі мүсін істеуге құмар едім. Кейін Алматы қаласындағы жеке зергерлік бұйымдар шығаратын цехта жұмыс істеп, көп өрнесті өз бетімше үйренгенім бар. Адамда ынта мен ниет болса жеткілікті екен. Осылайша елге оралысымен көріп, біліп, үйренгенімді аудан көлемінде дамытқым келді.

Быттыр қазан айында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы» аясында конкурста қатысып, 1 млн 225 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұттым. Түскен ақшаға металлды ерітетін, кесетін, сығатын, ою-өрнек салатын құрал-жабдықтарымды Алматыдан сатып алдым. Қазір Instagram желісі пайдалы. Сол арқылы өнімді жарнамалап отырамын. Одан бөлек, аудан тұрғындары бір-бірінен естіп, тапсырыс береді. Сатып алушылардың дені – қыз-келиндер мен үлкен апа-әжелеріміз, – дейді Еркебулан Медет.

Ол сапасы 999 маркалы күмісті, яғни, шикізатты да Алматы қаласынан алдырады. Одан әйелдерге арналған түрлі әшекей бұйымдар – сырға, сақина, білезік істейді. Әзірге өзін ғана жұмыспен қамтыған кәсіпкердің ендігі жоспары – шағын цех ашып, екі көмекші жігіт алып, оларға да осы өнерді үйрету.

Айта кетейік, Жанакорғанда кәсіпкерлікке ын-талы жастар легі көбейген. Мысалы, аудан бойынша 360 адам түрлі бағыттағы кәсіп ашу үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы қайтарымсыз қаржы алған. Осының ішінде 285 адам 1 млн 225 мың теңге көлемінде грант ұтса, 75 тұрғынға 612 мың теңгеден мемлекеттік қайтарымсыз қаражат берілді. Ал биыл Жанакорғанда жана бизнес-идеяларды іске асыру үшін әр адамға 400 айлық есептік көрсеткішпен, яғни, 1 млн 380 мың теңгеден қаржы беріледі. Бұған 149 орын жоспарланыпты.

Жанакорған ауданы

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ

Дәмеш апаның әңгімесі

...Әлі есімде Дәмеш Еркемова-Жүргенова апамыздың үйіне ел жақтан Темірбек Жүргеновтің інісінің жұбайы Зерхан Сақтағанқызы мен анамыз Дүйсенқұл Құтымышқызы жиі-жиі баратын. Мен Шара Жиенқұлова, Ғабит Мүсірепов пен Шолпан Байтұрсынова, Өтебай Қанахин, Бейбіт Қойшыбаевты, тағы басқа да ардақты кісілерді осы Дәмеш апамыздың үйінде көрдім. Бұл кісілердің әңгімелерін арагілік тыңдап, дастарханды жиыстырып, қонақтарды шығарып салушы едік.

Кейіннен ол үйге бауырларым Әуезхан мен Әділхан, Жағылар мен Асылбек, Ақылбек, Әбілхан мен Бәкір де барды. Мұндайда Дәмеш апамыз дастарханды жайнатып жіберетін. Қазы-қартаға толы табактағы етті алдымызға қойып жатып, әрбіріне теңдей бөліп:

– Мынау менің сендерге асатқаным болсын, – деп қалдырмай алғанымызды жөн көруші еді. – Мен ертен үлкен ауылға кеткен соң, әжеміз тамақты тауыспайынша орнымыздан тұрғызауаушы еді деп еске алып айтып отырғандар соның өзі бізге жеткілікті, сол бізге бағышталды, – деуші еді. Осындай сөздерге кезінде мән бермедік, астарында терен сырдың жатқанын кейін ұқтық.

Дәмеш апамның қызықты сәттері де көп болатын. Үйіне келген кісіге (әсіресе ол кісі ұзақ отыратын болса) амандық сұрасқан соң сүлгінің ұсынып жатып ваннаға шомылуға ескертеді. Шомылудың белгілі бір уақыты болу-

шы еді. Егер уақытынан ертерек шығып қалатын болсаң, асығыс шомылуға болмайтынын айтып, қайтадан кіргізіп жіберетін. Мұндайда ваннадан шыға беруге болады деген белгіні іште тұрып күтуге тура келеді.

Студент бауырларым, ер балалар жағы жатақханаларына тарай бастаған соң елден келген аналарымызға Дәмеш апа әңгімесін жалғастырады.

– Темірбек ұсталған соң маған да қауіп төнді. Қолымдағы баламды ел жақтағы ағайындарға қарай пойызға салып үлгірдім, артында өзімнің де тұтқындалғаным белгілі. Балам жас болса да елдегі ағайындарын тауып барыпты, – дейтін. Баланың сұрастырып тапқаны – менің атам мен әжемнің үйі. Бұл туралы Мәдина әжем былайша еске алушы еді:

– Түс ауып бара жатқан мезгіл болатын. Төбенің басынан көрінген бала ылдига қарай жүгіре басып тура біздің үйге беттеп келеді. Жақындай түскен баланы киім киісінен, жүрісінен тани кеттім.

– Жұбаназарсың ба?
– Иә, – деп басын изеп тұрған баланы қолынан жетектеп үйге алып кірдім. Үй ішіндегілер бірінен соң бірі құшақтап, амандасып жатты.

Дәмеш апам баласының алғырлығын, тазалығын, ақылдылығын айта келіп:
– Темірбекті әке, мені шеше зорға. Тек оның қолтасарда құшағымынан қорға босап, өксіп жылағаны, вагонға алдап



Суретші: Аманжол Оңғарбаев

мінгізгенім, сенсіз ешқайда бармаймын деп вагон терезесіндегі перделерді жұла тартып қарсылық білдіргені әлі күнге дейін көз алдым. Көшедегі өрімдей жастарды көргенде балам есіме түсіп, көңілім босайды...

Өзінің туған жылын есейіп жазғызып, «әке-шешемді қайтсем де ақтап аламын, олар «жау емес» деп соғысқа аттанып, оралмады. Ауыл балалары да тиісіп, мазасын үнемі алып отырған, – дейтін.

Дәмеш апамыздың осындай аяқталған әңгімесінен соң көңіліз күйде ұйқыға кететінбіз.

Ертенгілік асымызды ішіп алып дүкендер мен жасыл бақтарды аралауға шығатынбыз. Келесі күндері театрға ертіп барушы еді. Мен алғаш рет театрга, яғни М.Әуезов атындағы драма театрына осы кісімен бардым. Сол кезде К.Мұхамеджановтың «Біз періште емеспіз» атты қойылымы болды. Қойылымның орта тұсында Дәмеш апаның көздері жасқа толғанып байқалды. Кейіпкерлер де өзі тағдырлас еді. Үйге келген соң да көпке дейін үнсіз оты-

рып, әңгімесін қайталап жалғастыратын. Дәмеш апам ауыл жақтағы ағайындарды, сол кездегі мерт болған туыстардың жұбайларының тағдырын да сұрастырып отыратын.

...Сондай кісінің бірі – кезінде отбасымыздың бір мүшесіне айналған Күләй есімді әжеміз еді. Күләй әжемнің аяулы жары Пірназар Қарақұлов та жазықсыз жапа шекті.

Жалындап тұрған жас жігітті аудан басшылары ауыл ортасына үлкен етіп салынған, ел игілігіне пайдалануға беріліп тұрған клубтың менгерушісі етіп тағайындайды. Сол мәдени мекеме әлі күнге дейін жұмысын жалғастырауда. Ауыл ақсақалдарының естелігіне сүйенсек, үлкен-кішісі бар, қонақтары мен басшылары бар, 1 Мамыр мерекесімен жұртшылықты құттықтап, клубтың ашылу салтанатында сөйлеп тұрғанда кенеттен кеудесіне оқ тиіп, сол жерде жантәсілім етеді. Жары жап-жас күйінде жесір қалды.

Әжеміз өте келбетті кісі еді. Тік жүріп, нық басатын. Есімде қалғаны үнемі басындағы ақ жаулығын ауыстырып тартып, үстінен әппак кимешегін киіп алатын.

Кимешек киген ауыл аналарының барлығы да көрікті болып көрінуші еді. Күләй әжеміз ара-тұра бізге тәтті конфеттер мен қоржиктерді сатып алып үлестіретін. Тәттіні тоя жеп, конфет қағаздарын жинап, мөз болатынбыз. Қайран, қолы ашық, мейірімді аналарым-ай...

Олар жазықсыз мерт болған жұбайларының отын өшірмеді. Өздері жасағанша шаңырақты сақтай білді.

Кейіннен осы Күләй әжеміздің жұбайына арналып «Жанаталап» ауылында ас, бір көшеге есімі беріліп, сол көшенің басталған тұсынан ескерткіш мүсіні орнатылды.

Зәмзәгүл ИБРАГИМҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Алақаны аялы, көлеңкесі саялы

Анам! Аяулы анам менің. Ұлы жүрегіңіз тоқтағалы да 20 жыл болыпты. Өмір-өзен өтіп барады. Біз де жетпістен астық, Байлық қуғанымыз жоқ, мансапқа да ұмтылмадық. Ел қатарлы адал қызмет жасадық.

Өзіндік жанындай жақсы көретін жақын-дарының, ауыл, аудан сізді ардақтап «Бейбіт әже», «Ұстаздардың ұстазы» деп атайды. Бұл дәрежеге адал еңбегіңізбен жеттіңіз. Сіздің білім берген шәкірттеріңіз әртүрлі салда қызмет атқарып жүр.

Ауылға келген сайын үйге келіп сәлем беріп, дәм татып кететін Шамшадін Сүгіров кейін Шымкент қаласындағы институт ректорына дейін көтерілді. Тағы басқа шәкірттеріңіз сіз туралы естеліктерін, берген біліміңіз бен жақсылықтарыңызды жыр қылып айтатын.

Толқанды Арал теңізде дүниеге келіп, кейін жұмыс бабымен Жалағаш ауданындағы «Қызыл Жұлдыз» колхозында бастауыш мектеп ашқаныңызды, «Бірлік» ауылшаруашылық артелинің төрағасы Елеменов Нұржан, «Қарабөгей» колхозының председатели Көшерев Кабылтай ауылдық кеңес төрағасы Төрмерұтов Ерәлі көмектескенін айтып отыратын едіңіз.

Азамат соғысы кезінде дүниеге келіп, Ұлы Отан соғысы кезінде жастық шағыңыз өтті. «Ерте есейіп, еңбекке араластық. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, қоғамымыздың болашағы – балаларымыз ғұмырлы болсын. Ойға алған істеріңіз сәтті жалғасын тауып, амандық пен бақыт, бақ пен береке орнасын» деп аналық тілек тілейтін едіңіз.

Қарапайым мұғалімдік қызметтен бастап партия ұйымына ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, сеніп тапсырылған міндетті абыроймен атқардыңыз. Елу жыл партия мүшесі болдыңыз. О бастан тандаған мамандық мұғалім болғандықтан, ұрпақ тәрбиесіне мән беріп, өз ісінің маманы атандыңыз.

Анамың әкесі ескіше де, жанаша да сауатты кісі болған. Ағасы Жолмырза облыстық партия комитетінде үшінші хатшы болып көп жыл қызмет атқарды.

Тіршіліктің оты мен суына, ыстығы мен суығына қарамай, тынымсыз жылжи беретін бір ғана нәрсе бар, ол – уақыт. Таң атады, кеш батады. Ай, жыл өтеді. Бірте-бірте бәрі де ұмытылып, адамзат тарихындағы қалау-қалау

оқиғалар ғана аңызға айналып қалады. Аналар қашан да адамзаттың жүрегі, тіршіліктің тірегі отбасының, қала берді бір әулеттің алтын дінгегі, тұтқасы болып келеді емес пе?! Оның үстіне өз перзенттерін өсіріп-тәрбиелеумен бірге өскелең ұрпақ тәрбиесіне үлесін қосып, өмір-өнегесімен, ақыл-парасатымен көпке үлгі болған, елге бәтуалы сөзін айтар аналар аз емес.

Болашағын ойлаған ел алдымен әйел-аналарды ардақ тұтады. Біздің халық тұлымшағы желбіреген қыздан бастап ақ жаулықты әжелерге дейін барынша қастерлеген. «Адамның бар жақсылығы күннің сәулесі мен ананың ақ сүтімен келеді. Бізді өмірге жеткізген аналар» деген М.Жұмабаев. Ардақты ұстаз Бейбіт Оразымбетқызы анамыз 1917 жылы Арал қаласында дүниеге келген. 1939 жылы Қызылорда педучилищесін бітіріп, Арал қаласындағы қазақ орта мектебінде дәріс берді. 1941 жылдан Жалағаш ауданы Мәдениет ауылындағы мектепте бастауыш сыныптарға сабақ беріп, зейнеткерлікке сол жерден шықты.

Бірнеше медальдармен, аудандық, облыстық ағарту бөлімінің мақтау грамоталарымен марапатталды, «Халық ағарту ісінің үздігі» атағын иеленді.

Анамыз «Қонақ келсе үйіне ырысын ала келеді, оны оң қабақпен қарсы алып, қонағына көрпе жайғанын – өзіне жайғанын, өзінді құрметтегенін», «Әйелді көрсететін қазаны мен дастарханы» дейтін. Анамың мейірімі жан-жағына өз шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, құшағынан мейірім алып жүрген барша адамзат оларды мәңгі ардақтап, аялай білсе бұдан асқан бақыт жоқ шығар. Анамыздың байсалды да байыпты тұлғасы, күлімдеген келбеті, әсерлі де әдемі әңгімесі, мейірімге толы жанары, жұмсақ алақаны, кеп жайлаудай кешірімшіл мінезі бәрі есімде. Анамызға деген сағыныш жүрегімізде. Кейде көкірегімізге мұң ұялап көңіліміз босап жанарымыз жасқа толды. Еліне сыйлы болғанын естіген сайын көкірегімізді мақтанаш кернейді.

Анамыздың жолын Қуаныш, Тұрарқұл жалғап зейнеткерлікке шықса, немерелері Лаура, Нұрхан, Балғын, Әйгерім де мұғалімдікті таңдады, шөбересі Мәдина, Әмина ұстаз боламын деп талпынып жүр. Сабақтастық пен жақсының ісі өлмейтінін осы өнеге айғақтайды.

Қуандық АХМЕТҰЛЫ,
Қызылорда қаласы

Он екі кран плита тақталарды әрі-бері тасып жатыр. Бір кранды Фая Шакурова тізгіндепті. Зауыттағы тарс-тұрс дыбыстан құлақ тұнады. Бізді күзет бөлімінің меңгерушісі Манарбек Есжанов бастап келеді. Темір майыстырып, дөңкерлеп жатқан жұмысшылар еңбегі қайран қалдырады. Фая апа келгенімізді көріп, краннан түсіп, бізге жақындады. Бірақ жұмысы әлі бітпепті. Әріптесім Нұрболат Нұржаубай жұмыс сәтін фотоға түсіре бастады.



Жарты ғасырға жуық кран рулінде

Бұл – «Alaqueum electric» компаниясының еншілес серіктестігі «КСМ КЗ-2022» ЖШС мекемесі. Осы ұжымда ұзақ жылдан бері тауанды жұмыс істеп келе жатқан майталман маман Фая Шакурова қазір зейнетте. 1977 жылдан бері осы мекемеде кран айдайды. Айтуынша, бәрі де кездейсоқ болған. Алғашында кран руліне қаймыға отырған жас қыз уақыт өте келе, техника тілін менеріп алады. Үйде қай заттың қай жерде тұрғанын білмесе де, мұнда қай бұрышта қай зат тұрғанын бес саусағындай біледі.

Жұбайы Әлі Сәрсенов осы мекемеде жүргізуші болған. Екеуі – бүгінде 4 баласынан 14 немере сүйіп отырған бақытты жандар.

– Кран айдап келе жатқаным 50 жылға жуықтады. Бұл жерде ең бірінші, жұмысқа деген жауапкершілік талап етіледі. Уақытпен санаспай, бөрене, плиталарды түсіріп, реттейміз. Жұмысымыз өте жақсы көреміз. Зейнетке шыққаннан кейін, ұл-қызым да, жолдасым да жұмыс істеуіме қар-

сы болды. «Саған не жетпейді, біз бармыз ғой!» деді. Бірақ маған ақша маңызды емес, өйткені жұмысымыз жақсы көреміз, жауапкершілігін сезінеміз. Тіпті күйбең тірліктің бітпейтін проблемаларын да ұмытып кетемін. Мұндағы бірге жұмыс істейтін серіктерімнен әңгімелесемін. Денсаулық жағдайы турғанда жұмыс істеу керек деп үйделерге бой бермей келемін. Кран айдаудың еш қиыншылығы жоқ, тек жұмысына жауапты бол. Мұны тек ер адамдардың жұмысы деген – жансақ пікір, ер адам ғана айдасын деп еш жерде жазылмаған. Жаратқан денсаулық берсе, шамам келгенше қызмет етемін. Жұмысымда керек екенімді түсінемін, – дейді еңбек аламы бізбен әңгімесінде.

Фая апа жасы келгеніне қарамастан, ширақ қимылдайды. Мінезі ашық, үнемі күліп жүреді. «Еңбек ер атандырады» деп осындайда айтса керек-ті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»